

*Тілдер бірлестігіне арналған
Семинар-коучинг*

*«Тұлғатанымдық мәтіндер
арқылы оқушы тұлғасын
қалыптастыру»*



04 желтоқсан 2021 жыл



Сағат 09.30



15-кабинет



Оразбаева Бигуль Казтаевна



Мақсаты:



- Құзіретті тұлға қалыптастыруда оқытудың жаңаша тәсілдерін пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне ықпал ету, жаңалыққа күштарлығын ояту.



Міндеттері:

- 1. Оқушылардың оқуға деген саналы көзқарасын, жауапкершілігін арттыру.
- 2. Оқушыларды өмірлік жетістіктерге жетуге ұмтылдыру.
- 3. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру

Нәтиже

- Мұғалімдермәтін арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді меңгереді.
- -Оқу процесінде жұмысты түрлендіру арқылы оқушылардың дарындылықтарын айқындай біледі.
- -Жұмыс жасау тиімділігі жайлы мағлұмат алады, оны өз тәжірибелерінде қолданады.






Тұлға деген кім?

Танымдық әрекет
дегеніміз не?



Танымдық — (таным әрекеті, танырлық, танылатын, танып білерлік) танылатын үрдіс; танымдық қызығушылық — ғылым жаңалықтарын; қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық. *Танымдық есеп* — жаңа білім іздеуге, оқудағы байланыс, дәлелдерді белсенді пайдалануға түрткі болатын оқу тапсырмасы. Танымдық есеп жүйесі бүкіл оқыту процесінде оқудың мазмұны мен іс-әрекет амалдарын біртіндеп күрделілендіре беретін бірізділікке негізделеді. Сондықтан мұғалім оқушының білімді меңгеруімен қатар, оның оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру жағына да баса назар аударуы керек.

Танымдық әрекет - шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық уәж және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық қызығу, танымдық ізденімпаздық қалыптасады.



Сократ білімді жай ғана бере салмай, шәкірттеріне сұрақ қоя отырып олардың ойлау қабілетін, қызығуын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті.

Эвристикалық сұрақтарды алдын ала дайындай отырып танымдық ізденімпаздықты оқыту құралы ретінде қалыптастырады.

И.Герbart танымдық ізденімпаздықты дамыту оқытудың негізгі міндеттерінің бірі деген пікірде болды.


Сұхбат (диалог)

Мәтінмен жұмыстың ең қажетті, ең негізгі түрі - оқушыларды сөйлеу, яғни екеуара сөйлесуін ұйымдастыру.

Осыны іске асыру барысында түрлі әдіс пайдалануға болады: бұл интенция әдісі (одағай, қыстырма сөздері пайдаланып жолдасының айтқанымен келісу/келіспеу, сөзін құптау/құптамау), инновациялық әдіс - сөйлеу жағдаяттарына (түрлі ситуацияларға), сөйлету және проблемалық тәсіл-белгілі бір тақырыпқа проблема құрып, сол проблеманы шешу-(интерактивная методика дейміз).

Бұған:

- а) драматизация әдісін пайдаланып, әңгімені рөлдерге бөліп оқу;
- ә) рөлдік ойындар;
- б) сөйлеу жағдаятын туғызу;
- в) мақал-мәтел, нақыл сөз, дәстүр бойынша әңгімелету, ситуация құрастыру;
- г) оқушыларды ойландыратын сұрақтар қою жатады



Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, оқушы белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуацияларды туғызу қажет.

Ол үшін берілетін мәтін оқушының жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне сай болуы керек.

Монолог.

Мәтінді оқып, меңгерушілер сұрақ қойып, оған жауап беріп қана қоймай, ойын, пайымдаудың бір бүтін мәтін арқылы жеткізе алу керек.

Осыған байланысты жұмыс түрлері:

- а) Жоспар бойынша әңгімені мазмұндау.
- ә) Әңгіменің ұнаған эпизодтарын теріп алып мазмұндау.
- б) Әңгіменің ең негізгі эпизодтарын мазмұндау.
- в) Шығарма оқиғасының басталуын, байналысын, дамуын айқындау.

Бес саусақ әдісі



Бас бармақ

Бүгінгі семинар практикум
сізге ұнады ма?

Балан үйрек

Өзіңізде осы әдістерді қолданасыз ба?

Орған терек

Осы әдістерді қолдану
тиімді деп ойлайсыз ба?

Шылдыр шүмек

Бүгінгі күніңіз босқа
өтпеді деп ойлайсыз ба?

Кішкене бөбек

Бізге тілек.